

Alstom Шу қаласында алғашқы техникалық қызмет көрсету депосының ашылуын атап өтті: 100 жаңа жұмыс орны және өңірлік дамуға серпін

- Орта Қазақстанда 1988 жылдан бері салынған алғашқы техникалық қызмет көрсету депосы
- 2023 жылғы Инвестициялық келісім аясында жүзеге асырылған алғашқы жоба
- 3,35 миллиард теңге инвестиция
- 100 жаңа жұмыс орны

31 мамыр, 2025 ж. – Тұрақты әрі ақылды көлік саласындағы әлемдік көшбасшы Alstom компаниясы Жамбыл облысы Шу қаласында өзінің Қазақстандағы алғашқы техникалық қызмет көрсету депосының салтанатты ашылуын жариялады. Бұл – 2023 жылғы қарашада Alstom мен Қазақстан Үкіметі арасында қол қойылған Инвестициялық келісім аясында жоспарланған төрт депоның алғашқысын іске қосқан маңызды кезең.

Жобаға 3,35 миллиард теңге көлемінде инвестиция салынды. Бұл – Қазақстанда 1988 жылдан бері салынған алғашқы теміржол техникалық қызмет көрсету нысаны. Жаңа депо «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ пайдаланып отырған KZ4 және KZ8 электрлік локомотивтеріне техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ол 100 жергілікті тұрғынға тұрақты жұмыс ұсынып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосады.

2010 жылдан бастап Alstom компаниясы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-мен тығыз әріптестік орнатып, елімізде екі түрлі локомотив түрін шығаратын өндірістік база құрды. Бұл өндіріс жоғары деңгейдегі жергілікті үлесті қамтып, бүгінде 1200-ден астам маманды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Қызмет көрсету бағытын дамыту – осы ұзақмерзімді инвестициялардың қисынды жалғасы болып табылады және Қазақстанның көлік саласындағы қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

«Бұл ашылу – біздің ҚТЖ-мен ұзақ мерзімді әріптестігіміздің жемісі және Қазақстан темір жолының Таяу дәліздегі стратегиялық рөлін көрсететін маңызды қадам», – деді Alstom компаниясының Батыс және Орта Азиядағы басқарушы директоры Жером Бойе. – «Бұл жаңа депо – инновация мен ынтымақтастықтың символы, әрі Қазақстан болашағына деген сеніміміздің нақты дәлелі».

Салтанатты ашылу рәсіміне Жамбыл облыс әкімі Ербол Қарашөкеев, Қазақстанның Франциядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Гүлсара Арыстанқұлова, ҚТЖ, Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі

өкілдері, сондай-ақ Шу ауданы мен Шу қаласының әкімдігі мен басқа да серіктестер қатысты.

Alstom компаниясы инновациялық шешімдер ұсынып, жергілікті серіктестерімен тығыз әріптестікті жалғастыруға дайын. Бұл жаңа депо – Қазақстан теміржол саласының болашағына жасалған маңызды инвестиция және жергілікті қауымдастық үшін жаңа мүмкіндіктер көзі.

Alstom Қазақстан туралы

Қазақстанның теміржол көлігінің болашағын қолдау: Alstom компаниясының инновацияларға, қауіпсіздікке және қоғамға деген адалдығы

Alstom компаниясы 2010 жылдан бастап Қазақстанның теміржол саласындағы негізгі ойыншы болып табылады. Кәсіпорында 1200 астам адам жұмыс істейді және компания көлік пен инфрақұрылымды дамытуға айтарлықтай үлес қосады. Орта Азия мен Кавказдағы электровоздардың жалғыз өндірушісі бола отырып, Alstom алты қалада 10 өнеркәсіптік нысанды басқарады, оның ішінде Астанадағы электровоздарды құрастыру зауыты және көптеген сервистік деполар бар.

Компания "Қазақстан Темір Жолы" АҚ үшін 400-ге жуық локомотив жеткізеді, сондай-ақ жөндеу мен күрделі жөндеуді қоса алғанда, техникалық қызмет көрсету бойынша кешенді қызметтер көрсетеді.

Компанияның басымдығы - әртүрлі және инклюзивті жұмыс орындарын құру. Alstom гендерлік және мәдени әртүрлілікті қолдайды, ол үшін 2022 жылы әлемдегі Үздік жұмыс беруші (Top Employer), Қазақстандағы Үздік жұмыс беруші (Top Employer) және 2024 жылы Үздік инвестор болып танылды.

Alstom инновациялар, қауіпсіздік және жергілікті қоғамдастықтармен өзара қарым-қатынас арқылы Қазақстанның теміржол инфрақұрылымын дамытуға бейілділігін сақтайды.

Alstom Қазақстан туралы қосымша ақпарат алу үшін: [Alstom in Kazakhstan](#)

Alstom туралы

Alstom адамдарға ұнайтын инновациялық және орнықты көлік шешімдерін әзірлеп және ілгерілетіп отырып, көміртегі шығарындыларының деңгейі төмен болашаққа үлес қосуды өзінің борышы деп есептейді. Alstom өзінің әртүрлі клиенттеріне жоғары жылдамдықты пойыздардан, метродан, монорельстерден, трамвайлардан бастап "сақадай сай" жүйелерге, қызметтерге, инфрақұрылымға, сигнал беру мен цифрлық мобильділікке дейін саладағы ең кең ассортиментті ұсынады. 63 елдегі 184 ұлттан тұратын 86 000-нан астам дарынды қызметкерлер штатының арқасында компания жобалау, инновациялар мен жобаларды басқару дағдыларын мобильділік саласындағы шешімдер ең көп қажет жерлерге бағыттайды. Франциядағы биржада бағаланатын Alstom компаниясы 2025 жылғы 31 наурызда аяқталатын қаржы жылында 18,5 млрд. еуро мөлшерінде түсім алды.

Қосымша ақпаратты www.alstom.com сайтында табуға болады

Байланыс Баспасөз

Айжан АЛДАБЕРГЕНОВА – тел.: +7 705 106 6023
aizhan.aldabergenova@alstomgroup.com